

«ҚР ЖАФ» ҚБ  
Атқару комитетінің шешімімен  
«Бекітілді»



20 17 жылғы 02 әкестардан  
нұсқа №2

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ  
СЕРТИФИКАТТАУ ЕРЕЖЕЛЕРИ**

Астана қаласы, 2017 жыл.

## **Мазмұны**

### **1-бөлім. Жалпы ережелер**

- 1-бап. Ұғымдар
- 2-бап. Қолданылу аясы.
- 3-бап. Сертификаттаудың мақсаттары мен міндеттері

### **2-бөлім. Сертификатташы орган**

- 4-бап. Сертификаттау жөніндегі комиссия
- 5-бап. Құқықтары, міндеттері және жұмыс тәртібі

### **3-бөлім. Сертификатқа ізденуші**

- 6-бап. Сертификатқа ізденушінің міндеттері

### **4-бөлім. Мүшелік сертификаты және сертификаттау рәсімі**

- 7-бап. Мүшелік сертификатының иегері
- 8-бап. Сертификаттау рәсімі

### **5-бөлім. Сертификаттау бойынша критерийлер**

- 9-бап. Инфрақұрылымдық критерийлер
- 10-бап. Әкімшілік-кадрлық критерийлер
- 11-бап. Құқықтық критерийлер
- 12-бап. Қаржылық критерийлер

### **6-болім. Қорытынды ережелер**

- 13-бап. Тәртіптік санкциялар
- 14-бап. Қорытынды срежслер
- 15-бап. Қосымшалар

## **1-болім. Жалпы ережелер**

### **1-бап. Ұғымдар.**

Өнірлік женіл атлетикалық федерацияларды сертификаттау бойынша осы Ережеде төменде көлтірілген ұғымдарға келесідей түсініктеме беріледі:

<b>Ұғымдар</b>	<b>Түсініктеме</b>
<b>ҚР ЖАФ</b>	Қазақстан Республикасының Женіл атлетика федерациясы
<b>Женіл атлетика</b>	Стадиондағы жарыстар, жүгіру және техникалық түрлері, тас жолда жүгіру, спорттық жүру, кросс және таулы жерде жүгіру, қатты бедерлі жерлерде жүгіру
<b>Осы ережелер</b>	ҚР ЖАФ Атқару комитетінің шешімімен бекітілген, Мүшелік сертификатын алуды және оны иеленуді регламенттейтін сертификаттау жөніндегі ережелер, 2017 жылғы редакция
<b>Өтінім</b>	Сертификаттау рәсімін өткізуге бастама болатын Өтініш берушінің өтініші
<b>Отініш беруші</b>	Сертификаттау рәсімін өткізуге Өтінім берген женіл атлетикалық ұйым, Клуб, Өнірлік федерация
<b>Бірінші санатты мүшелік сертификаты</b>	Өнірлік федерацияның ҚР ЖАФ-қа жататынын растайтын және женіл атлетика бойынша облыстық және қалалық жарыстар, Чемпионаттар өткізуге құқық беретін Сертификаттау комиссиясы берген құжат
<b>Екінші санатты мүшелік сертификаты</b>	Клубтың немесе женіл атлетикалық ұйымның ҚР ЖАФ-қа жататынын растайтын Сертификаттау комиссиясы берген құжат
<b>Сертификатқа ізденуші</b>	Сертификаттау рәсімін өткізу туралы оң шешімге ие болған Өтініш беруші
<b>Жарыс</b>	Қазақстан Республикасының аумағында жарыстар өткізу жөніндегі регламентке сәйкес өткізілетін, корытындысы бойынша командалар мен жекелеген спортшылардың (жынысы, жасы, спорттық сыныптамасы бойынша) алған

	орындары айқындалатын командалар мен спортшылардың арасында жеңіл атлетикадан жарыс
<b>Рұқсат</b>	Спорттық құрылышты (стадионды) жаттығу процесіне және жарыстар өткізу кезінде пайдалануға рұқсат беретін сертификаттау комиссиясы берген жабаша растама құжат
<b>ИААФ</b>	Жеңіл атлетика федерацияларының халықаралық ассоциациясы
<b>Жарысқа қатысушылар</b>	Спортшылар, жарыстың ресми тұлғалары
<b>Ресми тұлғалар</b>	Өнірлік федерациялардың, клубтардың, жеңіл атлетикалық үйымдардың басшылары, спортшылардың немесе спортшылар командаларының өкілдері, жаттықтырушылар, төрешілер, инспекторлар және жарыста қызмет етуге қажетті басқа да мамандар
<b>Клуб</b>	Өнірлік федерацияның мүшесі болып табылатын және ҚР ЖАФ-тың екінші санатты Мүшелік сертификатына ие немесе ҚР ЖАФ-тың бірінші санатты Мүшелік сертификатының иегері болып табылатын, өзінің атауы, логотипі, спортшылар командасы, инфрақұрылымы, басқару жүйесі, қызметшілері бар жеңіл атлетикадан кәсіби спорттық үйым
<b>Жеңіл атлетикалық үйим</b>	Өнірлік федерацияның мүшесі болып табылатын және ҚР ЖАФ-тың екінші санатты Мүшелік сертификатына ие немесе ҚР ЖАФ-тың бірінші санатты Мүшелік сертификатының иегері болып табылатын Қазақстан Республикасының спорттық ЖООлары мен ООО-лары, кешенді спорттық мектептердің жеңіл атлетика бөлімшелері және барлық түрдегі спорттық мектептер, спорттық интернаттар, спорттық колледждер, Олимпиадалық резерв дайындайтын өнірлік орталықтар

<b>Өнірлік федерация</b>	Негізгі қызметі ретінде дene шынықтыру және спорт саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға, негізгі мақсаты өз өнірінде жеңіл атлетиканы дамыту болып табылатын, аймақтық жарыстар үйымдастыруға және өткізуге құқығы бар, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес өзге де құқыктары мен міндеттері бар Жеңіл атлетикадан өнірлік спортық үйым
<b>Федерация мүшесі</b>	Осы сертификаттау ережелеріне сәйкес ҚР ЖАФ бірінші немесе екінші санатты Мүшелік сертификатына ие Жеңіл атлетикалық үйым, Клуб немесе Өнірлік федерация
<b>ҚР ЖАФ Филиалы</b>	Аумақтық тиесілігіне сәйкес жеңіл атлеттердің және ҚР ЖАФ мүшелерінің қызметін жүзеге асыратын және бақылайтын ҚР ЖАФ оқшауланған бөлінісі
<b>Күәлік</b>	Жеңіл атлетика саласындағы жаттықтырушының немесе спортық төрешінің тиісті біліктілігін раставайтын құжат
<b>Спортшы</b>	Спорты негізгі кәсіби қызметі ретінде таңдалған жеке адам
<b>ТР</b>	ҚР ЖАФ Атқару комитеті бекіткен тәртіптік регламент
<b>ТК</b>	Төрешілер комитеті
<b>Стадион</b>	Спортшылардың оқу-жаттығу процесін жүзеге асыруға және жарыстар өткізуге арналған арнайы жабдықталған (оның ішінде спортық құрал-жабдықтармен) объектілер (алаңдар, ғимараттар, құрылыштар)
<b>Төреші (бас, аға)</b>	Жеңіл атлетика ережесіне және ҚР ЖАФ регламенттеуші құжаттарына сәйкес жарыстарды басқару және бақылау үшін ТК тағайындастырын адам

## **2-бап. Қолданылу аясы**

2.1. Сертификаттау бойынша осы Ережелер сертификаттау процесін, сонымен қатар барлық санаттағы Мүшелік сертификат иегерлерінің міндеттерін регламенттейді, олардың құқыктарын, жауапкершіліктері мен

окілеттіктерін айқындайды, сертификаттаудың спорттық, әкімшілік-кадрлық, құқықтық, инфракүрылымдық және каржылық критерийлерін белгілейді.

2.2. Осы ережелер спортшылары өздерінің спорттық нәтижелерінің негізінде ИААФ және ҚР ЖАФ өткізетін жарыстарға қатысуға құқылы барлық Ұйымдарға, Клубтарға, Өнірлік федерацияларға қолданылады.

2.3. Егер Ұйым Өнірлік федерацияның бірінші санаттагы Мүшелік сертификатына ие мүшесі болып табылатын болса, оның сертификаттау рәсімін өтуі міндетті емес.

### **3-бап. Сертификаттаудың мақсаттары мен міндеттері**

3.1. Қазақстан Республикасында Женіл атлетикалық ұйымдардың, Клубтар мен Өнірлік федерациялардың қызметін бақылау мен сертификаттаудың келесідей мақсаттары мен міндеттері бар:

3.1.1. Өнірлік федерациялардың, сонымен қатар ҚР ЖАФ мүшелері болып табылатын немесе тиісті аймақта Өнірлік федерациямен шарттасқан қарым-қатынаста болатын, Өнірлік федерацияның мүшесі болып табылатын Клубтар мен Ұйымдардың командалары спортшыларының тен жағдайда жарысқа қатысуына және оларға дайындалуына кепілдік беру;

3.1.2. спортшылардың, сондай-ақ жарысқа қатысушылар мен көрермендердің денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жарыс өтетін орындарда қоғамдық тәртіпті сақтау;

3.1.3. женіл атлетикаға тартылған мамандарды дамытуға және одан әрі жетілдіруге жағдай жасау;

3.1.4. женіл атлетиканы спорт түрі ретінде және оның этикалық құндылықтарын әлеуметтік және білім беру функцияларын ескере отырып насхаттау;

3.1.5. женіл атлетикадағы допингке қарсы күреске бағытталған айқындау, тежеу және тәрбиелеу бағдарламаларын қолдау және дамыту;

3.1.6. өнірлерде женіл атлетикамен айналысу үшін жағдайды жақсарту мен дамытуды ынталандыру.

### **2-болім. Сертификаттаушы орган**

#### **4-бап. Қазақстан Республикасының аумағында сертификаттаушы орган болып ҚР ЖАФ табылады.**

4.1. Сертификаттау рәсімін өткізу, Мүшелік сертификатын беру және Сертификат иегерлерінің қызметін бақылау үшін ҚР ЖАФ өз қызметкерлерінің қатарынан жылына екі рет сертификаттау комиссиясын

құрады, қажет болған жағдайда жиірек құрылуды мүмкін, бірақ бір жылда төрт реттен артық болмайды.

4.2. Сертификаттау комиссиясы ҚР ЖАФ Атқару комитетінің (Атком) шешімі негізінде құрылады.

4.3. Сертификаттау комиссияның құрамына кіретіндер:

4.3.1. комиссия төрағасы, Атком шешімімен бір жыл мерзімге тағайындалады;

4.3.2. құқықтық критерийлер бойынша бас маман, комиссия төрағасы тағайындейді;

4.3.3. қаржылық критерийлер бойынша маман, комиссия төрағасы тағайындейді;

4.3.4. әкімшілік-кадрлық критерийлер бойынша маман, комиссия төрағасы тағайындейді;

4.3.5. инфрақұрылымдық критерийлер бойынша маман, комиссия төрағасы тағайындейді (басқа критерий бойынша маманың қоса атқаруы мүмкін);

4.3.6. спорттық критерийлер бойынша маман, комиссия төрағасы тағайындейді.

## **5-бап. Сертификаттау бойынша комиссияның құқықтары, міндеттері мен жұмыс тәртібі**

5.1. Комиссияның келесідей құқықтары мен міндеттері бар:

5.1.1. кез-келген уақытта Мүшелік сертификатының иегерлері мен ізденушілерден қажетті ақпаратты сұрау;

5.1.2. Мүшелік сертификат иегерлерінің қызметіне жоспардан тыс ішінара тексеру үйімдастыру;

5.1.3. Мүшелік сертификат иегерлері мен ізденушілер ұсынған ақпарат пен құжаттамалардың Осы ережелерге сәйкестігін бағалау және барлық критерийлердің сақталған-сақталмағанын анықтау;

5.1.4. Мүшелік сертификат иегерлері мен ізденушілерге жәрдем беру, оларға кенес беру қызметін көрсету;

5.1.5. сертификаттың қолданылу мерзімі ішінде Мүшелік иегерлерінің қызметін бақылау.

5.2. Сертификаттау комиссияның жұмыс тәртібі:

5.2.1. сертификаттау комиссиясы құрылышп, мамандар тағайындалғаннан кейінгі бірінші жұмыс күні Комиссия төрағасы отырыс өткізеді, онда сертификаттау рәсімін жүргізу бойынша толық нұсқаулық береді;

5.2.2. Осы ережемен бекітілген мерзімде барлық Өтінімдер алынғаннан кейін сертификаттау комиссиясы сертификаттау рәсімін бастайды;

5.2.3. Сертификаттау комиссиясының соңғы жұмыс күнінде Комиссия төрағасы отырыс өткізеді, ол жерде комиссия Мүшелік сертификатын беру, беруден бас тарту немесе Сертификатты кері кайтарып алу туралы шешім шығарады.

5.2.4. Ерекше жағдайларда сертификаттау жөніндегі комиссия уақытша Мүшелік сертификатын беру туралы шешім қабылдай алады.

Уақытша Мүшелік сертификатын алу үшін Өтініш беруші Сертификаттау жөніндегі комиссия төрағасының атына Өтініммен қоса қажетті критерийлер бөлігінің сақталмауының себептерін түсіндіре отырып өтініш береді.

5.2.5. Мүшелік сертификатына ізденуші (иегері) Апелляциялық комитетке сертификаттау жөніндегі комиссияның шешіміне апелляциялық шағым бере алады.

### **3-бөлім. Мүшелік сертификатқа ізденуші**

#### **6-бап. Мүшелік сертификатқа ізденушінің міндеттері**

6.1. Бірінші санатты мүшелік сертификатына тек Өнірлік федерациялар ғана ізденуші бола алады.

6.2. Екінші санатты мүшелік сертификатына Клубтар мен Женіл атлетикалық ұйымдар ізденуші бола алады.

6.2. Сертификаттау рәсімінен өту үшін мүшелік сертификатқа ізденуші осы Ереженің 5-бөліміне сәйкес сертификаттау жөніндегі комиссияға барлық қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға тиіс.

6.3. Қажет болған жағдайда, сертификаттау жөніндегі комиссия төрағасының немесе мамандардың талап етуі бойынша мүшелік сертификатқа ізденуші қосымша құжаттар мен мәліметтер ұсынуға немесе ұсынудан дәлелді түрде бас тартуға тиіс.

6.4. Мүшелік сертификатқа ізденуші құжаттар мен мәліметтерді тапсырған сәттен бастап орын алған, сертификаттау жөніндегі комиссияның шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін кез келген өзгерістер туралы жедел түрде сертификаттау жөніндегі комиссияны хабардар етуге міндетті.

6.5. Мүшелік сертификатының иегері критерий талаптарының кез-келгенін орындау барысында орын алған кез келген өзгерістер туралы ҚР ЖАФ-ты үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарландыруға тиіс.

## **4-болім. Мүшелік сертификаты және сертификаттау рәсімі**

### **7-бап. Мүшелік сертификатының иегерлері**

- 7.1. Өңірлік федерациялар сертификаттау жөніндегі комиссия берген Бірінші санатты мүшелік сертификатына ие болуы тиіс.
- 7.2. Клубтар мен Женіл атлетикалық ұйымдар сертификаттау жөніндегі комиссия берген Екінші санатты мүшелік сертификатына ие болуы тиіс және Өңірлік федерациямен шарттасқан қарым-қатынаста немесе Өңірлік федерацияның мүшесі болуы тиіс.
- 7.2. Бірінші және екінші санатты мүшелік сертификат бір жыл уақыт мерзіміне беріледі және үшінші тұлғага беруге жатпайды.
- 7.3. Бірінші және екінші санатты мүшелік сертификат келесі жағдайларда кері қайтарып алынады:
- 7.3.1. Мүшелік сертификатының иегері немесе ізденуші сертификаттау рәсімінен өту кезінде көрінеу жалған мәліметтер берген немесе жалған құжаттар ұсынған жағдайда;
- 7.3.2. Мүшелік сертификатының қолданылуы кезінде Сертификат иегері көрінеу жалған мәліметтер берген немесе жалған құжаттар ұсынған жағдайда;
- 7.3.3. Мүшелік сертификатының иегері осы Ережені бұзған, сол сияқты ҚР ЖАФ-пен, Өңірлік федерациямен (Клубтар мен Ұйымдар үшін) жасалған және спортшылармен спорттық қызмет туралы жасалған келісім-шарттар бойынша жүктелген міндеттерді орындаған жағдайларда.
- 7.4. Сертификаттау жөніндегі комиссия жоспардан тыс ішінара тексеру жүргізген кезде Мүшелік сертификатының иегері барлық қажетті құжаттаманы беруге және инфрақұрылымдық, әкімшілік-кадрлық критерийлерде көрсетілген объектілерге (кенсе, жаттығу аландары, жарыстар өткізуге арналған стадиондар және т.б.) кедергісіз кіруді қамтамасыз етуге міндетті.
- 7.5. Бірінші санатты мүшелік сертификат ҚР ЖАФ Конференциясында дауыс беру құқығын береді.

### **8-бап. Сертификаттау рәсімі**

- 8.1. Сертификаттау рәсімі сертификаттау жөніндегі комиссия төрағасы белгілеген белгілі бір күндерде өтеді және Өтініш беруші, Сертификатка ізденуші мен сертификаттау жөніндегі комиссия тарапынан жасалатын іс-қимылдар кешенінен тұрады.
- 8.2. Сертификаттауды өткізу тәртібі:

- 8.2.1. сертификаттау рәсімін бастау үшін Өтініш беруші сертификаттау жөніндегі комиссияға осы Ереже мен оның қосымшаларына сай қажетті құжаттар жиынтығымен №1 қосымшаға сәйкес сертификаттау өткізуге Өтінім береді;
- 8.2.2. сертификаттау жөніндегі комиссия Өтінімді тіркейді, сертификаттау рәсімін өткізу мүмкіндігін анықтау мақсатында Өтініш беруші ұсынган құжаттарды қарастырады;
- 8.2.3. сертификаттау жөніндегі комиссия Өтінімді қарау кезінде сәйкестігіне сертификаттау өткізілетін нормативтік талаптарды айқындауды, қажет болған жағдайда өтініш берушіден қосымша мәліметтер сұратады;
- 8.2.4. Өтінімді қарастыру және сертификаттау өткізу (немесе өткізбей) туралы шешім шығару мерзімі өтінімді алғаннан кейін 15 қүнтізбелік күннен аспауы тиіс;
- 8.2.5. Өтінімді қарастыру нәтижесі бойынша сертификаттау жөніндегі комиссия оң немесе теріс шешім шығарады;
- 8.2.6. он шешім шығарылған жағдайда сертификаттау рәсімінің басталуы туралы Өтінім бойынша шешім Өтініш берушіге жазбаша нысанда жіберіледі;
- 8.2.7. теріс шешім қабылданған жағдайда Өтініш берушіге жазбаша нысанда дәлелді жауап жіберіледі, онда сертификаттау рәсімін жүргізуің мүмкін еместігі туралы хабарланады.
- Өтінімді қараудан бас тартудың себебі қажетті құжаттар мен рұқсаттардың болмауы, дәйексіз мәліметтер мен жалған құжаттарды ұсынуы, сондай-ақ өзге де негіздер болуы мүмкін;
- 8.2.8. он шешім алғаннан кейін Мүшелік сертификатқа ізденуші сертификаттау жөніндегі комиссияға осы Ережедегі тізбеге сәйкес қажетті мәліметтер мен құжаттарды жолдауы тиіс;
- 8.2.9. сертификаттау жөніндегі комиссия осы құжаттардың Ережеде сипатталған критерийлерге сәйкестігін анықтау және (қажет болған жағдайда) сертификаттау жөніндегі комиссия мүшесі (мүшелері) баратын аймақтағы тексеру жоспарын құру үшін құжаттарға талдау жүргізеді;
- 8.2.10. талдау нәтижелері ішінде анықталған ескертулермен қатар Мүшелік сертификатқа ізденушігепелі тексеру жүргізуің мүмкіндігі немесе жөнсіздігі туралы тұжырым болатын Қорытынды арқылы ресімделеді;
- 8.2.11. ескертулер анықталған жағдайда, Мүшелік сертификатқа ізденуші Қорытындыда көрсетілген уақытта белгіленген сәйкесіздіктерді жоюға және сертификаттау жөніндегі комиссияға өндөлген құжаттарды және/немесе бұзушылықтарды жойғаны туралы растаманы ұсынуға тиіс, олай болмagan жағдайда сертификаттау рәсімі тоқтатылады;

8.2.12. Мүшелік сертификатын беру немесе беруден бас тарту туралы шешім сертификаттау жөніндегі комиссия отырысында қабылданады. Шешім Сертификатқа ізденушіге жеткізіледі;

8.2.13. сертификаттау жөніндегі комиссия оң шешім шығарған жағдайда Мүшелік сертификатын ресімдейді;

8.2.14. Мүшелік сертификатын беруден бас тарту туралы шешім шыгарылған жағдайда Сертификатқа ізденушіге Мүшелік сертификатты берудің мүмкін еместігі туралы хабарланған хат жіберіледі.

Мүшелік сертификатты беруден бас тартудың себебі қажетті құжаттар мен рұқсаттардың болмауы, дәйектер мәліметтер мен жалған құжаттарды ұсынуы, сондай-ақ өзге де негіздер болуы мүмкін.

8.3. Сертификаттау жөніндегі комиссияның шешіміне шешімді алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Апелляциялық комитетке апелляциялық шағым беруге болады.

8.4. Сертификаттау жөніндегі комиссия өзінің ұйымдық құрылымының ерекшеліктеріне, қолданыстағы зандарға және өз қажеттіліктеріне сәйкес сертификаттау рәсіміне қосымша іс-шаралар енгізуге құқылы.

8.5. Сертификаттау жөніндегі комиссияның Мүшелік сертификатты беру немесе беруден бас тарту, сондай-ақ санкция қолдану туралы шешімдері дәлелді болуы, жазбаша түрде ресімделуі және олар қабылданған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Мүшелік сертификатты ізденушіге жіберілуі тиіс.

## **5-бөлім. Сертификаттау бойынша критерийлер**

### **9-бап. Инфрақұрылымдық критерийлер**

9.1. Бірінші санатты мүшелік сертификат иегерінің және оған ізденушінің қарамағында сертификаттау процесінен өту кезінде де және Мүшелік сертификат әрекет ететін барлық кезеңде де КР ЖАФ құзыретіне жататын Стадиондардың болуы міндетті.

9.2. Бірінші санатты мүшелік сертификатқа ізденуші сертификаттау жөніндегі комиссияға сертификатқа ізденушінің стадионды пайдалануының зандағылығын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс, атап айтқанда (баламалы түрде):

9.2.1. мүшелік сертификатқа ізденушіде (иегерде) стадионды иелену және/немесе пайдалану құқығының бар-жоғын растайтын құжаттар;

9.2.2. мүшелік сертификатқа ізденушіде (иегерде) стадионды пайдаланудың басқа құқықтық мүмкіндігінің бар-жоғын растайтын құжаттар.

9.3. Бірінші санатты мүшелік сертификатқа ізденуші стадионның Жарыстар күнтізбесіне және Оқу-жаттығу процесінің күнтізбесіне сәйкес жаттығулар мен жарыстар өткізлетін күндері бос болатынына және Мүшелік сертификат әрекет ететін барлық кезенде де жарыстар өткізу үшін қолданыла алатына кепілдік беруі тиіс.

9.4. Бірінші санатты мүшелік сертификаттың иегерінде сертификаттау жөніндегі комиссия берген әрекеттегі Рұқсаты болуы тиіс.

9.5. Жаттығулар мен жарыстар өткізуге арналған стадиондар техникалық, санитарлық ережелерге, гигиеналық нормативтерге, спорттық құрылыштарды пайдалану ережелеріне және өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес болуы және мүгедектерге қолайлы болуға тиіс.

9.6. Екінші санатты мүшелік сертификаттың иегері мен оған ізденуші сертификаттау процесінен өту кезінде де және Мүшелік сертификат әрекет ететін барлық кезенде де өз қарамақтарында спортшылардың оқу-жаттығу процесін жүзеге асыруға арналған спорттық объектілер (алаңдар, ғимараттар, құрылыштар) бар екеніне кепілдік беруге міндетті.

## **10-бап. Әкімшілік-кадрлық критерийлер**

10.1. Бірінші және екінші санатты мүшелік сертификаттың иегері мен ізденушісінде сертификаттау процесінен өту кезінде және Мүшелік сертификат әрекет ететін барлық кезенде өзінің қажеттіліктеріне сәйкес күнделікті жұмысты жүргізу үшін қажетті жұмысшылар санынан тұратын штаты және қалыпты жұмыс істеу үшін жеткілікті кеңесі болуы міндетті.

10.2. Бірінші және екінші санатты мүшелік сертификатқа ізденуші сертификаттау жөніндегі комиссияга сертификатқа ізденушінің кеңсені пайдалануының заңдылығын растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс, атап айтқанда (баламалы түрде):

10.2.1. мүшелік сертификатқа ізденушіде (иегерде) кеңсені иелену және/немесе пайдалану құқықының бар-жоғын растайтын құжаттар;

10.2.2. мүшелік сертификатқа ізденушіде (иегерде) кеңсені пайдаланудың басқа құқықтық мүмкіндігінің бар-жоғын растайтын құжаттар.

10.3. Кеңселер тиісті жабдықтармен жабдықталуы тиіс. Міндетті түрде телефон, факс, көшіруге арналған машина, сканер және Фаламтор желісіне шығу мүмкіндігі болуға тиіс.

10.4. Мүшелік сертификат иегері және ізденушісі өз штатын осы Ережеге сәйкес жасақтауға міндетті.

№	Лауазым	I санат *	II санат **	
			Клуб	Ұйым
1	Бірінші басшы	Міндетті	міндетті	міндетті
2	Зангер	Міндетті	міндетті	қажеттілігіне карай
3	Бухгалтер	Міндетті	міндетті	міндетті
4	Баспасөз хатшысы	Міндетті	міндетті	қажеттілігіне карай
5	Дәрігер	Міндетті	міндетті	міндетті
6	Массаж жасаушы	Міндетті	міндетті	міндетті
7	Бас жаттықтырушы	Міндетті	міндетті	міндетті
8	Жаттықтырушы	Міндетті	міндетті	қажеттілігіне карай
9	Жарыс хатшысы	Міндетті	-	-

\*\* мамандардың лауазымдық міндеттерін сипаттағанда осы функциялардың екінші және бірінші санатқа жеткізылатынын білдіреді

\* мамандардың лауазымдық міндеттерін сипаттағанда осы функциялардың тек бірінші санатқа жеткізылатынын білдіреді

10.5. Бірінші басшы – Клубтың немесе Ұйымның әкімшілік-шаруашылық және экономикалық қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, спорттық және қаржы-шаруашылық қызметтің жоспарын жасайды, өңірлік федерацияның және барлық қызметшілер құрамының жұмысын ұйымдастырады\*\*.

Жұмыс өтілі – басшылық лауазымда кемінде 3 жыл.

Білімі – жоғары.

10.6. Зангер – сертификаттау рәсімінен өту кезінде және Мүшелік сертификатының әрекет етуі кезінде құқықтық және инфрақұрылымдық критерийлер үшін жауап береді\*\*, аймақтық жарыстардың Регламенттері мен Ережелерін жасайды, ҚР ЖАФ жарыстар жөніндегі комитетімен бірге женіл атлетикадан жарыстардың жылдық күнтізбелік жоспарын жасауда қатысады\*.

Жұмыс өтілі – мамандығы бойынша кемінде 3 жыл.

Білімі – жоғары, зангерлік.

10.7. Бухгалтер – бюджетті жоспарлайды және басқа мамандармен бірге жарыстар жоспарын жасайды, жарыстар бойынша аралық және қорытынды есептерді\*, ҚР ЖАФ жылдық қаржылық есепті дайындауға жауап береді, сертификаттау рәсімінің қаржылық критерийлеріне жауап береді\*\*.

Жұмыс өтілі – мамандығы бойынша кемінде 5 жыл.

Білімі – жоғары, экономика және/немесе қаржы, және/немесе бухгалтерлік есеп.

10.8. Баспасөз хатшысы (маркетолог) – маркетинг және жарнамалық-насихаттау қызметі үшін жауап береді, жарыстар өткізуге дейінгі, жарыстар өткізу кезіндегі және жарыстар өткізілгеннен кейінгі ақпараттарды жинау, дайындау және оны БАҚ-та таратуды жүзеге асырады\*, мүшелік сертификат иегерінің сайтын толықтыруды және қолдауды ұйымдастырады, жарнамалық компанияларға талдау жасайды және олардың тиімділігін бағалайды\*\*.

Жұмыс өтілі – кемінде 3 жыл.

Білімі – жоғары, маркетинг және/немесе журналистика.

10.9. Дәрігер – жаттыгулар, жарыска дайындалу кезінде спортшыларға медициналық қызмет көрсету үшін жауап береді, жарыстарды өткізу орындарында медициналық тексеру жүргізу, емдеу және шұғыл көмек көрсету үшін қажетті барлық жағдайдың сакталуын бақылайды, спортшылардың аурулар мен жарақаттардан кейін қалпына келуіне, сондай-ақ спорттық жұмыс қабілетін арттыруға бағытталған оңалту іс-шараларын әзірлейді\*\*.

Жұмыс өтілі – кәсібі бойынша кемінде 5 жыл.

Білімі – жоғары, медициналық.

10.10. Массаж жасаушы – спортшыны физикалық жүктемеден кейін қалпына келтіру және спорттық жұмыс қабілетін арттыру үшін жауап береді, спорттық тұлғаға тез арада қол жеткізуге және оны бір қалыпта ұстап тұруға жағдай жасайды\*\*.

Жұмыс өтілі – кәсібі бойынша кемінде 3 жыл.

10.11. Бас жаттықтырушы – сабак кезінде спортшылардың спорттық, техникалық, ерік-жігерлік, теориялық, дене дайындығының деңгейін жоғарылату, оку-жаттығу процесінің қауіпсіздігі үшін жауап береді, спортшылардың әр түрлі допинг түрлерін пайдалану жағдайларын болдырмау үшін әрекет етеді, дайындықтың ағымдағы және жылдық жоспарларын жасайды, жұмыс нәтижелерінің жүйелі есебін, талдау және қорытындылауды жүзеге асырады\*\*.

Жұмыс өтілі – кәсібі бойынша кемінде 3 жыл.

Білімі – жоғары, спорттық.

10.12. Жаттықтыруши – спортшылардың функциялық мүмкіндіктерін дамытуға, шеберліктерін жетілдіруге және спортшыларды оқытуға, тәрбиелеуге бағытталған оқу-жаттығу жұмыстарын жүзеге асырады\*\*.

Жұмыс өтілі – кәсібі бойынша кемінде 3 жыл.

Білімі – жоғары, спорттық.

10.13. Жарыс хатшысы – жарысты ұйымдастыруға, өткізуғе және нәтижелеріне (жинау, салыстыру, тарату және т.б.) жауап береді\*.

Мүшелік сертификатқа ізденушінің штатындағы басқа лауазыммен қоса атқаруға болады.

10.14. Сертификаттау рәсімінен өту кезінде Мүшелік сертификатқа ізденуші кейіннен жарыстарды өткізуғе жауапты болатын (Жарыстар хатшылығы) қызметкерлердің алдын ала тізімін (сырттан мамандарды тартуға болады) ұсынуы тиіс\*.

## **11-бап. Құқықтық критерийлер**

11.1. Сертификаттау рәсімінен өту үшін Сертификатқа ізденуші келесі құжаттар топтамасын ұсынуы тиіс:

11.1.1. №2 қосымшага сәйкес бекітілген нысан бойынша ҚР ЖАФ-пен өзара қарым-катаинасы туралы келісім;

11.1.2. №3 қосымшага сәйкес екітілген нысандағы құпиялыштық туралы келісім;

11.1.3. занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің және Жарғының нотариалды түрде расталған көшірмелері;

11.1.4. Сертификаттау рәсімін өткізуғе өтінішке №1 қосымшага сәйкес бекітілген нысандағы ұйымның мөр бедерінің және үекілетті тұлғаларының қол қою үлгілері;

11.1.5. қызметкерлердің атқаратын лауазымдарымен бірге олардың Т.А.Ә. көрсетілген Сертификатқа ізденушінің ұйымның бекітілген ұйымдық құрылымы (сызбасы);

11.1.6. стадионның қауіпсіздік сертификаты (бірінші санатты мүшелік сертификатына ізденушілер үшін);

11.1.7. жарнама шарттары (болған жағдайда) және демеушілер тізімі (болған жағдайда);

11.1.8. арнайы қызметтермен (медициналық қызмет көрсету, құқық тәртібін сақтау, өрт сөндірушілер) жасалған шарттар (бірінші санатты мүшелік сертификатына ізденушілер үшін);

11.1.9. әкімшілік-кадрлық критерийлерге сәйкес қызметкерлер тізімі, олардың еңбек шарттары мен лауазымдық нұсқаулықтары;

- 11.1.10. разрядтары мен атақтары көрсетілген тіркелген спортшылардың тізімі;
- 11.1.11. санаттары көрсетілген тіркелген жаттықтырушылардың (пәндер бойынша) тізімі, сондай-ақ олардың біліктілігін растайтын құжаттарының нотиалды қөшірмелері;
- 11.1.12. спорттық шаралардың бір жылдық қаржылық күнтізбесі;
- 11.1.13. жарыстардың жылдық күнтізбелік жоспары (бірінші санатты сертификатқа ізденушілер үшін);
- 11.1.12. өткен жылдың соындағы жағдай бойынша рекордтар тізімі;
- 11.1.13. спортшылардың өкілдерінің тізімі;
- 11.1.14. жыл сайынғы мүшелік жарнаны төлегені туралы түбіртек.

## **12-бап. Қаржылық критерийлер**

- 12.1. Мүшелік сертификатқа ізденуші қаржылық жағдайы, қызмет нәтижелері және қаржылық жағдайындағы өзгерістер туралы аз көлемде ақпарат беруге тиіс.
- 12.2. Қаржылық есепке:
  - 12.2.1. бухгалтерлік баланс;
  - 12.2.2. пайдалар мен шығындар туралы есеп;
  - 12.2.3. ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп;
  - 12.2.4. капиталдағы өзгерістер туралы есеп;
  - 12.2.5. түсіндірме жазба;
  - 12.2.6. спортшылармен жасалған шарттар бойынша сыйақы сомасы жатады.
- 12.3. Қаржылық есепке Өнірлік федерацияның, Клубтың немесе Ұйымның бірінші басшысы және бухгалтері қол қояды.
- 12.4. Еншілес ұйымдары бар ұйымдар негізгі ұйымның қызметі бойынша қаржылық есеппен қатар, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік жөніндегі заңдарының талаптарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасауға және ұсынуға міндетті.
- 12.5. 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі күнтізбелік жыл жылдық қаржылық есептілік үшін есепті кезең болып саналады.
- 12.6. Клубтар мен Ұйымдар жылдық қаржылық есепті есепті жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейін тапсырады.
- 12.7. Аралық қаржылық есеп есепті жылдың 31 желтоқсанына дейін тапсырылады.
- 12.7. Жаңадан құрылған ұйым үшін бірінші есепті жыл ол мемлекеттік тіркелген сәттен басталып, сол жылғы 31 желтоқсанға дейін жалғасады.
- 12.8. Қаржылық есеп Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ұсынылады.